

2025 жылғы II тоқсанда денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы

Жариялау күні: 29.08.2025

Келесі жариялау күні: 28.11.2025

1. Негізгі ойлар
2. Динамика
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Қатысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

2025 жылғы II тоқсанда Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету ұйымдарымен қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемі 1018606,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде 32,2% - бюджет есебінен, 39,1% - ӘлМСҚ қаражат есебінен, 19,4% - халықтан түскен қаражат есебінен, 9,4% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең үлкен көлемі ауруханалық мекемелердің қызметі есебінен қалыптасты, олар 513021,7 млн. теңге (50,4%) сомасында қызмет көрсетті. Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметті жүргізетін ұйымдар 171382,4 млн. теңге (16,8%) сомасында қызмет көрсетті және жалпы дәрігерлік тәжірибемен айналысатын ұйымдар 166411,8 млн. теңге (16,3%) сомасында.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең аз көлемін стоматологиялық қызметпен айналысатын ұйымдар - 54985,8 млн. теңге (5,4%) сомасында, тұруды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар - 38349,4 млн. теңге (3,8%) сомасында, тұруды қамтамасыз етудің өзге де әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар - 14626,7 млн. теңге (1,4%) сомасында қызмет көрсетті.

2025 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің 59,2% мемлекеттік меншік ұйымдары, 37,9% жеке меншік ұйымдары және 2,9% шетелдік меншік ұйымдары ұсынды.

Есепті кезеңде қызметтің негізгі түрі бойынша ірі кәсіпорындар ұсынған көрсетілген қызметтер көлемі 569394,7 млн. теңгені (55,9%), шағын кәсіпорындар – 276485,1 млн. теңгені (27,1%) және орта кәсіпорындар – 172726,7 млн. теңгені (17%) құрады.

Электрондық кестелер:

[2025 жылғы II тоқсанда Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі](#)

2. Динамика

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі

мың теңге

Барлығы	II тоқсан	
	2024	2025
Денсаулық сақтау саласында көрсетілген қызметтер көлемі	797 542 434	965 217 090
Тұратын орынды қамтамасыз етумен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтер көлемі	32 846 037	38 380 608
Тұратын орынды қамтамасыз етудің өзге де әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтер көлемі	9 870 266	15 009 050

3. Глоссарий

Көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан және (немесе) тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) оларға көрсетілген қызметтер үшін төлеміне түскен қаржы көлеміндегі денсаулық сақтау ұйымдары көрсеткен қызметтердің құны болып табылады және ол өз кезегінде алынған немесе алынған табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланатын ұйымның табысы ретінде бағаланады.

Қызмет – кәсіпорынның іске асыратын кез-келген басқа қызметтерінің қосылған құнынан асатын қосымша құн қызметтерінің түрі саналады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғам – КЕАҚ ӘМСҚ.

Қызметтің негізгі түрі - қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі - үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізгіден басқа қызмет түрі.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Электрондық кестелерде денсаулық сақтау саласында қызмет көрсететін кәсіпорындардың меншіктік, мөлшерліктің барлық нысанындағы қызметтің негізгі түрі денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың статистикалық деректері ұсынылды.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі, сондай-ақ бюджет қаражаты мен кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалған көрсетілген қызметтер көлемі қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

Халық төлеген көрсетілген қызметтер көлемінақты төленген сомалардың мөлшерінде (яғни, ҚҚС-ты есепке алумен) көрсетіледі.

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім \(2025 жылғы қантар-маусым \(жедел деректер бойынша\)\)](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Сапа бойынша есеп](#)

["Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Шығарылымға жауапты: Халық статистикасы департаменті	Департамент Директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: Г.Маханбетова Тел. +7 7172 749256 E-mail: G.Makhanbetova@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
---	---	---	---
